



АЙНҮР СЛАМҚЫЗЫНЫҢ АЙШЫҚТЫ ІСТЕРІ

Нағбду ҚАМАРОВА,
Yessenov University профессоры,
ҚР Журналистер Одағының мүшесі

Есенов университетінің Академиялық стандарттар және сапа кепілдігі басқармасы – жауапты мамандардан тұратын өте күрделі құрылым. Сапа кепілдігінің сыртқы іс-шаралары түрлі формада сапа кепілдігінің ЖОО-ішілік нәтижелілігін (тиімділігін) бағалауға мүмкіндік береді. Олар жаңа мүмкіндіктердің дамуы мен іске асуының катализаторы болып табылады. Олар сондай-ақ, білім беру мекемесі қызметінің сапасы туралы қоғамды



ақпараттандырады. Сапа кепілдігі – сыртқы пікірді алумен, есеп жазумен немесе ЖОО-дағы әрекеттен кейінгі процестермен аяқталып (тәмамдалып) қана қоймайтын, үзіліссіз процесс. Сондықтан сыртқы сапа кепілдігінің соңғы үрдісі кезеңінде қол жеткізілген жетістікті ЖОО келесі үрдіске дайындық кезеңінде назарға алуға талпынуы тиіс.

Есенов университетінің Академиялық стандарттар және сапа кепілдігі басқармасының маманы Қыпшақбаева Айнұр Сламқызының танитын барлық әріптестері аңқылдаған Айнұрдың іскерлігін жақсы біледі. Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі болу көп нәрсеге көзінді ашады екен. Аз уақыт меңгеруші болған кезде мен Айнұрды жақсы тани түстім. Сондай-ақ оқытушыларға сағат бөлу, БББ, МУП, РУП, ИУПС, КРІ, оқу-әдістеме, ғылым, тәрбие жұмыстары, академиялық ұтқырлық, кітап қоры, силлабус, канвас сияқты маңызды мәселелерге тереңірек бойлайды екенсің. Осындай шұбырған жұмыстарды жүйелеп отыру оңай емес. Сондай жауапкершіліктің жүгін арқалап жүргенде жүгіңді жеңілдетуге бір Айнұрдың көмегінің өзі жетіп жатты.



Адам баласының қызметте, ортада бағалануы, дәріптелуі, ардақталуы тікелей оның адамгершілік қасиеттеріне байланысты. Егер ол айналасындағыларға қайырымды, адал болып, бүкіл қарым-қатынастарын адамгершілік тұрғысынан реттейтін болса, нағыз адамгершілігі мол жан болып, қоғамдағы сыйлы бағасын да, орнын да иемденеді.

Жақсылық – адамның ойы, ниеті, іс-әрекеті. Жаман пиғылдардан аулақ болып, қай кезде болса да адамға қол ұшын беріп көмектесетін, жанашырлық танытатын адамды жақсы адам дейміз. Адамның ең асыл қасиеті – жақсылық. Адам адамға жақсылық жасау үшін жаралған. Жақсылық пен игілікті іс жасау-үлкен адамгершіліктің белгісі. Басқа адамдарға көмектесіп жүрген көптеген абзал жандар бар. Жақсылық жасау әрбір адамның міндеті. Қазақта "Адам болып келген соң, адам болып кету қиын" деген жақсы сөз бар. Мен үшін қасиеттердің ең жақсысы – адамгершілік. Себебі, жақсы қасиеттердің жиынтығы – адамгершілік деп аталады.

Дана Абай атамыздың: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деген сөзі, сондай-ақ Хазірет Омардың: «Имандылықтың үштен бірі — Ұялу, үштен бірі – Даналық, үштен бірі – Жомарттық» деген ойы адам жақсысының мінсіз келбеті. Адамға қойылатын басты талап – асыл да ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, ұлағатты азамат болып шығу. Өйткені адам өзінің адамгершілігімен, қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттігімен ардақты. Халқымыз қайырымды- мейірімді жанды «адамгершілігі мол адам» деп дәріптеген. Қайырымды-мейірімді жан – өзгелерді, басқа адамдарды ойлап, соларға қол ұшын беруші жан. Ал, адамдардың қамын жеу дегеніміз адамгершілікке келіп саяды. Адамгершілік – адамның рухани арқауы. Осы асыл қасиеттердің бәрі де Айнұрдың бойынан табылады. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді ғой, Айнұрдың жақсылығын айтудан танбаймын.

Университеттің 9-қабаты. Оқу-әдістемелік жұмыстарға арналған бөлімдердің абыр-сабыры бір толастаған емес. Оқу үдерісі барысында күнделікті байланыста болғандықтан қабақтарын түйіп алып, үнсіз жұмыс істеп отырған осы бір бөлімнің мамандарына деген құрметім арта түсті. Раушан сияқты мамандар уақытпен санаспайды, қарнының ашқанына қарамайды, күн демейді, түн демейді, сенбі демейді, жексенбі демейді, жұмысы аяқталмаса, сол жұмыс қашан аяқталғанша компьютерде отырып, тыным таппайды, қиындыққа мойымайды. Елеусіз ғана жұмысын атқарып отыра береді.



Осы бөлімде мен Айнұрмен тікелей байланыста жұмыс істедім. Оқытушылардың сағаттарын реттеуде Айнұрдың кеңесі, көмегі ауадай қажет-ақ. Бір таңқаларлығы – ол осы университетке қарасты жиырма кафедраның сағаттарын жатқа біледі. Бір саннан қате кетпеу керек, ол жағынан аса мұқият. Осы салаға қатысты кез келген сұрағына ұйқыдан тұрғызып алып сұрасаң да жауап бере алады. Алдына келген кафедра меңгерушілерімен тығыз жұмыс істей отырып, «ұрсып» та алады, жеңіл әзіл-қалжыңды да айтып қоюды ұмытпайды. Бәрінің тілін таба білетін осы бір жанның өз ісінің білгір маманы екеніне көзім жетті. Бір күні қасында кафедра сағаттарын тексеруге отырдық. Телефоны бір сәт дамыл көрмеді. Бәріне жауап беріп жатыр. Смс-хаттар ағылып жатыр. Ағылған сұрақтардың бәріне қабақ шытпай сабырмен жауап беру де – байсалдылық. Арасында бөлім басшысы шақырып жатты, бар жұмысын қоя салып, басшысының кабинетіне жүгіріп бара жатқаны. Сабырлы мінезіне риза болдым. Осындай тынымсыз жұмыстан шаршап-шалдығып жүрген Айнұрды көрмедім, керісінше, көзі жайнап, аңқылдап сөйлеп, әзілді де араластырып, әдемі күліп алатын мінезін, аласапыран жұмыстан ләззат алып, тайсалмайтын күшін көрдім. Біздегі барлық бөлімге дәл Айнұрдай мамандар керек. Осындай мамандарды жоғалтып алмайық, айлығын көтерейік, сыйақы берейік, марапаттарға ұсынайық дегім келеді. Айнұрдай мамандарды мойындайық!

Айнұр Сламқызының айшықты істері әркез жарқырап көрінеді. Осы Айнұрдай әріптесімді барлық бөлімдерге үлгі тұтам. Нәтижелі істерін айтып жүреміз. Бәрі оқу жылының аяғында ұстаздарды құттықтап жатқанда мен осы ұстаздардың сағаттарын есептеп, сабақтарын үйлестіретін ай нұрындай Айнұр сіңлімді де құттықтағым келді. Дені сау, отбасы, өсіріп отырған ұрпағы аман болсын!